

### Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған тәрбие:
  - A) эмоционалдық
  - B) адамгершілік
  - C) азаматтық
  - D) ақыл-ой
  - E) зияткерлік
  
2. Жоспарланған аптада тыңдалым, айтылым бойынша жиынтық бағалау ... жүргізіледі:
  - A) тестілеу
  - B) сабақтан кейін
  - C) сабақ барысында
  - D) портфолио арқылы
  - E) модерация кезінде
  
3. Білім беру жүйесіндегі білім беру деңгейлерін анықтаушы принциптер:
  - A) іргелілік, объективтілік
  - B) объективтілік, үйлесімділік
  - C) үйлесімділік, үздіксіздік
  - D) ізгіліктілік, іргелілік
  - E) үздіксіздік, ашықтық
  
4. Адамның демократиялық көзқарасын және өмірлік бағыттарын, қатаң бекімін анықтауға бағытталған тәрбие мазмұнының идеологиясы:
  - A) тәрбиенің тұлғаға бағытталуы
  - B) бірлескен әрекет
  - C) еріктілік
  - D) өзін-өзі анықтау
  - E) ұжымдық бағытталу
  
5. Зерттелетін педагогикалық құбылыстардың жеке жақтарын, белгілерін, ерекшеліктерін, қасиеттерін көрсету және қарастыру:
  - A) сұхбаттасу
  - B) теориялық талдау
  - C) сауалнама жүргізу
  - D) бақылау
  - E) әңгімелесу

6. Отбасы, мектепке дейінгі, мектептегі тәрбиенің сындарлы жүйесі қарастырылған Қазақстан Республикасының негізгі құжаты:

- A) Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы
- B) Білім беру жүйесіндегі тәрбиенің кешенді бағдарламасы
- C) Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері
- D) Мәдени-этникалық тұжырымдамасы
- E) Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы

7. Үйрету мен үйренудің тұтастығы – дидактикалық зерттеудің:

- A) болжамы
- B) пәні
- C) нысаны
- D) мақсаты
- E) өзектілігі

8. Адамның дамуы және тұлға ретінде қалыптасуы жүре пайда болатын қасиеттер:

- A) психологиялық
- B) танымдық
- C) биоәлеуметтік
- D) әлеуметтік
- E) биологиялық

9. «Тәрбие – адамзат қоғамының өмір сүруіне сай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан дәйекті түрде үздіксіз берілетін мәдениет», тұжырымының авторы:

- A) С.Қалиев
- B) С.Әбенбаев
- C) И.П.Подласый
- D) К.Қожахметова
- E) В.С.Безрукова

10. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» адамгершілік тәрбие жөніндегі философиялық ой-тұжырым авторы:

- A) Шәкәрім Құдайбердіұлы
- B) Жүсіп Баласағұни
- C) Ахмет Байтұрсынов
- D) Жүсіпбек Аймауытов
- E) Абай Құнанбаев